

Қарағанды облысы білім басқармасының Теміртау қаласы білім бөлімінің
«Гүлдер» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

Тақырыбы: «Шынықсаң шымыр боласың»
Спорттық қимыл-қозғалыс ойындары

Дене тәрбиесі нұсқаушысы:
Сактаганова А.Б.

Теміртау-2025 ж

Тақырыбы: «Шынықсаң шымыр боларсың!» /спорттық жарыс/

Мақсаты: Балалардың денелерін шынықтыру, спортқа деген қызығушылығын арттыру, тез қимыл әрекеттерін істей алуға, зерек ойлануға үйрету. Балалардың қимыл – қозғалыстарын жетілдіру, салауатты өмір салтына тәрбиелеу, ептілікке, төзімділікке, достыққа, ұйымшылдыққа, шапшандыққа тәрбиелеу.

Керекті құралдар: Шығыршық, секірпе доптар, ысқырық, пирамида бөлшектері.

Барысы:

Тәрбиеші: Құрметті балалар, қонақтар! Бүгінгі «Балбөбек» топ балаларының «Шынықсаң шымыр боларсың!» спорттық жарысына қош келдіңіздер? Бүгінгі жарыс балалар арасында достық пен ұйымшылдық қасиеттерін нығайта түспек.

Тәрбиеші: Жалқаулықты тастаймыз,

Шынығамыз жастай біз.

Босқа тұрмай қанекей

Жаттығуды бастаймыз.

Бой қыздыру жаттығу

/Ортаға музыка әуенімен екі клоундар кіреді /

Ортаға топ сайыскерлерді шақырып әуенді жаттығулар орындалады.

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар!

Балалар бүгінгі сендердің жарыстарыңды тамашалауға көңілді клоундар келіпті келеді.

Бүгінгі сайсыта екі топты бағалайтын әділ – қазыларды сайлайық

«Балапан» мектепке дейінгі ұйымның әдіскері – Керуенбаева Асел

«Балапан» мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешісі – Телеуова Динара

Бірінші топ: «Қыран»

Екінші топ: «Күн шуақ»

Екі команда өздерін таныстырады.

Қыран тобы: Қыран құстай ұшамыз

Алыстарға самғаймыз

Шаршы алаңда топ жарып,

Қарсыластан қалмаймыз

Күн шуақ тобы: «Күн шуақ» біздің атымыз

Шуақ шашып жүреміз

Денемізді шынықтырып,

Ұзақ өмір сүреміз

Тәрбиеші: Жарайсындар балалар!

«Көңілді клоундар» атты ойын сауық жарысы 4 кезеңнен тұрады

1. «Таныстыру»

2. «Көңілді доп»

3. «Көпірден өт»

4. «Пирамида»

Жүргізуші: Балалар сендерге сәттілік тілей отырып, жарысымызды бастаймыз!

I кезең «Таныстыру»

Ойын шарты: Әр топтан екі бала шығаршықтың ішінде тұрып кедергілердің арасымен жүріп мәреге дейін жетеді.

Нәтиже: Шығаршықтан шықпау

II- кезең: «Көңілді доп»

Ойын шарты: Сайыскерлер қатар – қатар тұрып бірінші допты жоғарыдан артындағы балаға кезеке – кезек береді. Соңғы бала допты аяғының ортасынан алдыңғы балаға беру арқылы бірінші тұрған балаға доп жетеді.

Нәтиже: Допты түсіріп алмау.

III кезең: «Көпірден өт»

Ойын шарты: Топ балалар столдың үстімен еңбекетеу арқылы өтіп, доптарды алып жүгіріп себетке салады.

Нәтиже: орындықта дұрыс еңбектеу.

IV «Пирамида»

Ойын шарты: Пирамиданы әр бала кезек – кезек пирамида шығаршықтарды жинап пирамида құрастырады.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар сіздер жарыстың барлық түрлерінен жаңылмай өттіңіздер.

Адам денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру қажет. Дені сау адамның көңіл күйі көтеріңкі болып, еңбекке

күлшынысы артады. Балалар «денсаулық» дегенді қалай түсінесіңдер?

«Қыран» тобы: « Дені саудың – жаны сау.»

«Денсаулық – зор байлық»

«Күн шуақ» тобы: «Спорт достық, спорт денсаулық»

«Денсаулық ол шыныққан

Барлық дене мүшесі»

Клоундар: Дұрыс айтасыңдар балалар! Балалар жарысқа жақсы қатыстыңыздар. Екі топ бір – бірінен өткен қайсар, шымыр, мықты екенсіңдер.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар! Сіздер жарыстың барлық түрлерінен жаңылмай өттіңіздер.

-Жеңімпаз тобымызды анықтайтын әділ қазы алқасына сөз берейік.

/Мадақтау қағазын табыстау/

Тәрбиеші:

Денсаулық ол шыныққан

Барлық дене мүшесі

Денсаулық ол тыныққан

Жүйке тамыр жүйесі

БИ: Флэшмоб

- Бүгінгі «Шынықсаң шымыр боларсың!» атты спорттық жарысымыз аяқталды.

- Мадақтау, марапаттау.